

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАРАТАУ ҚҰРЫЛЫС-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРЫНЫ**

ХАТТАМА

20 маусым 2025 ж.

№

Төрайымы: Анарбекова С.С.

Хатшысы: Ибраимов Ғ.А.

Қатысқандар: Қожамбаева И.Р. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Анарбекова С.С. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
Ильясов А.Т. –директордың оқу –өндірістік ісі жөніндегі орынбасары;
Примова А.М. –мамандар бөлімінің меңгерушісі

Шақырылғандар: Ескараев М.Т.- Талас аудандық маслихатының депутаты;
Манатбеков Н.Ж.- Талас жастар ресурстық орталығының басшысы;
Махадиев А.М.- колледждің ата-аналар комитетінің мүшесі

Күн тәртібінде 1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау нәтижелерін жария талқылау
2. Өртүрлі

Тыңдалды:

1. С.Анарбекова: Талдау 2024-2025 оқу жылы кезеңін қамтыды және ағымдағы жылдың 02- 18 маусым аралығында жүргізілді. Колледжде 15-27.10.2023 ж. Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының аудиторлық есебі болды, тексеру 2021-2023 жылдарды қамтыған. Мемлекеттік аудит барысында көрсетілген кемшіліктер толық жойылды. Мемлекеттік аудит жүргізуде сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ және кедергі келтіру фактілері орын алған жоқ.Келесі аудиторлық тексеру 2025 жылдың төртінші тоқсанында күтілуде. Прокурорлық қадағалау актілері болған жоқ.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне және Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне уақтылы есептер тапсырылып отыр.

2. Мамандар бөлімінің инспекторы А.Примова өздеріне бекітілген бағыттар бойынша есеп берді.

3. Бөлім меңгерушісі Ғ.Ибраимов: Есептік кезеңде сыбайлас жемқорлыққа «нөльдік» төзімділікті қалыптастыру мақсатында 2024-2025 оқу жылында педагогтар қауымымен және студенттермен 12 іс-шара өткізілді. Соның ішінде, екінші жарты жылдықта төмендегі іс-шаралар атқарылды :

1. 2025 жылдың 19 ақпанында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің 2025 жылғы жоспарының 1.3 бөлігіне сәйкес кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты, стандарты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулығы таныстырылды.

2. 2025 жылдың 4 наурызында Сыбайлас жемқорлыққа «нөльдік» төзімділікті қалыптастыру мақсатында педагогикалық қызметкерлердің жиналысы өтті.

Іс-шараның кіріспе бөлімінде директордың міндетін атқарушы С.Анарбекова ағымдағы жылдың 28 ақпанында Тараз қаласында өткен Жамбыл облысы білім басқармасының есеп беру жиналысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар басымдықтардың бірі ретінде қаралғандығын мәлімдеді. Әрі осы бағытта әрбір қызметкердің «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңының 51 бабының 3 тармағында белгіленген педагог қызметкердің міндеттері мен жауапкершілігіне тоқталды. Сонымен қатар, жекелеген тұлғаның жағымсыз, сабырсыз мінез-құлқы тұтас білім беру ұйымының, арысы педагог қызметкердің қоғамдағы роліне нұқсан келтіретіндігін ескертті.

3. 2025 жылдың 7 наурызында колледж әкімшілігі біртұтас тәрбие бағдарламасының «Заң және тәртіп» құндылығы аясында, оқу топтарының старосталарымен кездесу өткізді.

4. 2025 жылдың 15 мамырында Педагогикалық ұжымда сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік ортасын қалыптастыруға ықпал ету мақсатында ақпараттық іс-шара өткізілді.

5. 2025 жылдың 3 маусымында Оқу топтарының старосталарымен кездесу өткізілді. Колледждің комплаенс офицері Ғ.Ибраимов жазғы сынақ-емтихандардың алдында «таза сессия» акциясы жүріп жатқандығын мәлімдеп, осы бағытта қандай да бір тұлғалар тарапынан «көмектесу» туралы ұсыныс болған жағдайда шұғыл колледж әкімшілігіне хабарласуды өтінді. Әрі мұндай мәндегі ұсыныстар мен оларды қанағаттандыру қылмыс болып табылатындығын тағы бір ескертіп, мұндай заңға қайшы қылық үшін белгіленген жазаны іс-шараға қатысушыларға түсіндірді.

6. 2025 жылдың 3 маусымында жазғы сынақ-емтихандардың өткізілу тәртібі туралы Студенттермен кездесу ұйымдастырылды. Бұл бағытта мәселені «шұғыл, әрі жеңіл» шешу «шоқ бастыратындығын» қадап айтылып, пара алушыға, пара берушіге және пара берудегі делдалға ҚР Қылмыстық кодексімен белгіленген жазаны жиналысқа қатысушыларға жан-жақты талданып, түсіндірілді. Әрі мұндай әрекеттерге шақыру немесе үгіттеу әрекеттері болған жағдайда колледж әкімшілігіне шұғыл хабарлауға кенес берілді.

Колледждің психологиялық-әлеуметтік кабинетімен оқу топтары бойынша екі рет сауалнама алынды, салдары теріс қорытынды көрсеткен жоқ. Сонымен қатар, мүдделер қақтығысының орын алуын (яғни, пән оқытушылары тарапынан студенттерге теріс материалдық ықпал етуін) болдырмау мақсатында ағымдағы емтихандар тест форматында оқу бөлімінің қызметкерлерімен алынады.

Аталған бағытта «Talas tunysy» газетінің 10.06.2025 жылы шыққан №43 «Жаман әдеттен жирен» тақырыбында колледждің комплаенс-офицерінің мақаласы жарық көрді.

4. М.Есқараев: Кез-келген мемлекеттің екі түрлі жауы бар. Біріншісі-сыртқы жау, олардың мақсаты қазба байлықтары мен аумағына, тұтасығына қауіп төндіру арқылы, мемлекетті кіріптар ету. Екіншісі-ішкі жау. Бүгінгі таңда біздің ең қауіпті ішкі жауымыз-сыбайлас жемқорлық. Бұл- ағзадағы құрт. Оны жеңбей мемлекетті өркендету дегеніміз – бос сөз. Сондықтан, бұл бағыттағы жұмыстарды тұрақты түрде назарға алып, жетілдіріп отыру бүгінгі күннің күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері «Қанағаттанарлық» деп танылсын.

2. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша жұмыстарды орындау барысында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларын сақтау және кадрларды жиі ауыстыру фактілеріне жол бермеу назарға алынсын, мерзімі - тұрақты.

3. Мүдделер қақтығысына жол бермеу мақсатында оқытушылар ұжымымен және студенттер қауымымен жұмыстар тұрақты жүргізілсін.

4. Колледж Жарғысында бақылау функцияларын іске асыру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген талаптарды қатаң сақтау қамтамасыз етілсін, мерзімі - тұрақты.

5. Колледжге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне мерзімінде жауап беру, өтініште көрсетілген мәселелер күзіретіне кірмесе, сол өтінішті заңнамаға сәйкес күзіретіне кіретін органға мерзімінде жолдау жауапты қызметкерлерге міндеттелсін, мерзімі - тұрақты.

6. Жұмыс барысында және жұмыстан тыс уақытта Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау колледждің барлық қызметкерлері мен оқытушыларынан талап етілсін, мерзімі - тұрақты.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында мүдделі мемлекеттік ұйымдармен, ҚР Ақпарат және қоғамдық қатынастар министрлігімен байланыста оқу топтарында іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылып отыр.



Анарбекова С.С.

Ибраимов Ғ.А.